**Раздольное ауылының көшелеріне атаулар беру туралы**

Ақмола облысы Целиноград ауданы Воздвиженка ауылдық аймағы әкімінің 2009 жылғы 29 шілдедегі № 01-06/10 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 тамызда № 1-17-98 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасның 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, 2009 жылғы 20 шілдедегі Воздвиженка ауылы тұрғындары жиналыстарының хаттамаларын есепке ала отырып, Воздвиженка ауыл аймағы әкімі **ШЕШТІ**:

1. Раздольное ауылының көшелеріне атаулар берілсін:
№ 1 көшеге - "Бауыржан Момышұлы" атауы,
№ 2 көшеге - "Ыбырай Алтынсарин" атауы,
№ 3 көшеге - "Абай" атауы.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Целиноград ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Воздвиженка ауыл аймағының әкімі Ж.Бакибаев*

**КЕЛІСІЛДІ**:

*"Целиноград ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ш.Өтегенова*

*"Целиноград ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Сағымбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК